

1 Бөлім.
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раздел 1.
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ
ИССЛЕДОВАНИЙ**

Part 1.
CURRENT ISSUES OF LINGUISTIC RESEARCH

ӨОЖ 81.33

ҒТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.001>

**СКРИПТОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВО-СЕМАНТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АТАУЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

***Акегожаева Р.¹, Мурзинова А.²**

***^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада ұлттық ойындарға қатысты сакралды тілдік бірліктер ұйытқы болған екінші мағыналы скриптонимдердің лингво-семантикалық ерекшеліктері талқыланады. Әлеуметтік маңызы бар феномен ретінде ойын мен ғұрыптық рәсімдердің өзара байланысы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Осыған қатысты тілші, этнограф ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, халықтың рухани және шығармашылық салаларының барлығын қамтитын ұлттық ойындарды ғұрыптық рәсімдермен бір деңгейде қарастырдық.

Күні бүгінге дейін этнограф, мәдениеттанушы, тілші ғалымдардың тарапынан ұлттық ойындар мен ғұрыптық рәсімдер, олардың өзара байланысы жан-жақты зерттеліп келеді. Алайда ұлттық бірегейлігімізді, рухани-мәдени болмысымыз бен құндылықтарымыздың көзі ғұрыптық рәсімдер мен салт-дәстүрлеріміздің, меркелер мен ойындарымызды тасымалдаушы, ұлттық жадымызды жаңғыртушы мәдени мәтіндерге байланысты қалыптасып, екінші мағынаға ие болған тілдік қолданыстар («скриптонимдер») зерттеу нысанына алынбай келеді.

Осыған орай, ұлттық ойындарды халықтың сан ғасырлық тәжірибесінің айғағы, негізгі құндылықтарымызды сақтаушы және тасымалдаушы қор, кодтық элементтері бар мәдени мәтін деп қарастырып, олардың тілімізде қалыптасқан сакралды-символдық кодты бірліктерге, соның ішінде акционалды, заттық, вербалды, темпоралдық кодты скриптонимдерге

ұйытқы болатыны анықталды. Сонымен қатар зерттеу барысында ұлттық ойындардың негізінде қалыптасқан екінші мәнді скриптонимдердің өзінің «табиғи» прототипімен мағынасы ұқсас болатыны анықталды. Мақалада ұлттық ойындарға қатысты, екіншілік мағынаға ие болған тілдік қолданыстарға сипаттамалық, этимологиялық талдау, мәліметтерге концептуалды және лингвомәдени түсінік беру әдістері қолданылады. Ұсынылған теориялық тұжырымдар қазақтың салт-дәстүрлері, дәстүрлі атаулары туралы жазылған еңбектерден, көркем шығармалар мен бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мысалдармен дәйектелді.

Тірек сөздер: ұлттық ойындар, скриптонимдер, ғұрыптық рәсімдер, сакралдану, екіншілік мағына, акционалды код, мәдениет, семантика

Кіріспе

Ұлттық ойындар – дәстүрлі мәдениетіміздің бір бөлшегі ретінде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесін, ұжымдық санасы мен негізгі құндылықтарын сақтау және тасымалдаудың негізгі құралдарының бірі. Ол әр халықтың мәдени, тарихи-әлеуметтік дамуының куәсі ретінде, адам өмірінің барлық саласымен, атап айтқанда, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарымыз, түрлі ойын-сауық мерекелерімізбен тығыз байланысты.

Дегенмен, бүгінде жаһандық өзгерістердің әсерінен халқымыздың дүниетанымы мен этномәдени құндылықтарынан хабар беретін ұлттық ойындарымыз өткеннің еншісінде қалып, ұмыт болып бара жатыр. Осы орайда К.С.Матыжанов «қазіргі кезде ойын әлеуметтік-мәдени жағдайды, қарым-қатынас пен құндылықтар жүйесін, постмодерн дәуіріндегі адам санасындағы өзгерістерді көрсете отырып, дәстүрлі этномәдени тұғырынан ауытқып, космополиттік бағдарсыздыққа, жасандылыққа ойысып барады» деген пікірін алға тартып, бұның бәрі «ойын мәдениетінің түбегейлі өзгеріске ұшырап, тіпті, дағдарысқа ұласып келе жатқандығын көрсетеді» [1, 19 б.] дейді.

Алайда ұлттық ойындарды мүлдем ұмытылып жойылып кетті деп айта алмаймыз, бүгінде тілімізде кейбір ұмыт болған немесе белгілі бір дәстүрлі ойын-сауық мерекелерінде ғана ойналатын ойындарға қатысты лингвомәдени кодтар сақталып қалды.

Бұндай кодтар өзінің алғашқы денотаттық мағынасынан алыстап, екіншілік сакралды-символдық мағынаға ие болған. Біз бұл тілдік бірліктерді осы салада зерттеу жүргізген ғалымдардың (О.И. Быкова, М.В. Хорохордина) пікірлеріне сүйеніп, «скриптонимдер» деп танимыз.

Осы орайда ойындарға қатысты терминологияны, соның ішінде екінші мағыналы скриптонимдерді зерттеу мәдени жадымызды қайта жаңғыртып, халықтың этнотілдік санасындағы әлемнің тілдік бейнесін ашып, тануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада ғұрыптық рәсімдер мен ойындардың өзара ұқсастығы, айырмашылықтары мен байланысын анықтау үшін Й. Хейзинга, К.С.Матыжанов, Ф.Емельянов, Е. В. Фомченко, Л. Гримес, Ю. Лотман, сынды ғалымдардың тұжырымдары теориялық негіз ретінде алынды. «Ғұрыптық рәсімдерге қатысты мәтіндердің сакралдануы», «символдық мағынаға ие болуы», «екіншілік мағына», «акционалды код», «вербалды код», «темпоралдық код», «заттық код», «мәдени скрипт», «скриптоним» терминдерінің мағынасын ашу мақсатында К. Годдарт, А. Вежбицка, Н. Уэли, Г. Смағұлова, А.К. Байбурин, Н.И.Толстой, Ж.М. Юша, Е.А. Богданова, О.И.Быкова мен М.В.Хорохординаның ғылыми пікірлеріне сүйеніп талдау жасалды. Келтірілген тұжырымдарды қазақтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлі атаулары этнографиялық зерттеулер туралы жазылған еңбектерден («Қазақтың дәстүрлі атаулары», «Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қазақ әдеби тілінің сөздігі»), С.Жүнісов, Ж. Қорғасбек, Б.Нұржекеев, К. Мұбарактың шығармаларынан және түрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мысалдармен дәйектелді.

Мақалада сипаттамалық, этимологиялық талдау, мәліметтерге концептуалды және лингвомәдени түсінік беру әдістері қолданылады.

Талқылау

Ойын мен ғұрыптық рәсімдер адамзат тарихының ерте заманынан бүгінге дейін қоғаммен біте қайнасып, адамдардың өзін-өзі ұстау мінез-құлқының шартты ережесі ретінде жалғасын тауып келе жатыр. Этнография, философия, мәдениеттану, әлеуметтану секілді ғылымдар осы екі ұғымның өзара байланысы қандай, ғұрыптық рәсім ойынның қалыптасуына негіз болды ма, әлде ойын ғұрыптық рәсімдердің бастауы ма деген мәселенің төңірегінде екіұшты пікір ұсынады. Бірінші пікірді жақтаушылар пұтқа табыну рәсімдері ойын мәдениетінің қалыптасып дамуына негіз болды дейді. Алайда, А.Байбуриннің пікірінше, «ойын белгілі бір оқиғаларға еліктеу ретінде пайда болып, кейін сакралдық мәнге ие болған». Дегенмен ғалым ойындардың пайда болу көзі ретінде жалғыз ғұрыптық рәсімдерді қарастыруға болмайды дейді [2, 20 б.]. К.С. Матыжанов та ойындар ерте замандарда «ғұрыптық кешеннің құрамдас бөлігі болған» деген пікірді алға тартады. Мәселен өткен замандағы «Қалтырауық қара кемпір», «Ақ боран», «Қол тұзақ» ойындарындағы талас тартыс «қыс пен жаздың, ескі мен жаңаның, кәрі мен жастың арасындағы күресті бейнелейді» дейді [1, 18 б.].

Ерте замандағы адамдардың санасында ойындар мен діни рәсімдер өзара байланыста дамыды. Ғұрыптық рәсімдер ойынның алғашқы түрі болды. Ойындар мен ғұрыптық рәсімдер адамдардың дүниетанымындағы көптеген мәселелердің шешімін табуға жол ашты. Уақыт өте келе ойынның құрамындағы ым-ишаралар мен сөздердің, қимыл-қозғалыстардың,

әуендердің сакралды, рәсімдік мәні көмескіленді. Ф.Г. Емельяновтың пікірінше, діни рәсімдерді орындау мақсатында киілген бетперделер мен киімдер бертін келе карнавал ойынының қалыптасуына негіз болса, сакралды таяқшалар мен сүйектер арқылы болашақты болжау құмар ойындардың пайда болуына түрткі болды [3, 49 б.].

Ф.Г. Емельянов ойын мен ғұрыптық рәсімдердің өзара айырмашылығы бар екенін алға тартады:

1) Ғұрыптық рәсімдердің орындалуы үшін көрермендердің болуы маңызды емес;

2) Ғұрыптық рәсімді орындау барысында барлық кезеңінің сақталуы міндетті болса, ойында таңдау еркіндігі бар;

3) Ойынның қатысушысы кез келген уақытта өз қалауымен ойыннан шыға алса, ғұрыптық рәсімде мұндай мүмкіндік берілмейді [4, 50].

Дегенмен ғұрыптық рәсімдер мен ойындардың белгілі бір сценарийге құрылуы, іс-әрекеттердің реттілігі, оқиғалардың қайталануы, белгілі бір ережелердің болуы секілді ортақ белгілері олардың өзара байланысына айғақ бола алады. Е.В. Фомченконың пікірінше, алғашында ғұрыптық рәсімдер адамдардың табиғатқа деген көзқарасын, әлеуметтік тәжірибесін жеткізудің механизмі болды. «Магиялық қызметінен ажырап, күнделікті қайталанып отырғандықтан сахналық ойын формасына ауысқан». Сонымен қатар ғалым ғұрыптық рәсімдердің басым бөлігі бізге мазмұны жағынан миф ретінде, сыртқы формасы жағынан ойын ретінде көрінеді. Ал «ойын өткен уақыттың шындығын бүгінгі күннің жағдайына тасымалдайды» [4, 139 б.] дейді. Ғұрыптық рәсімдерді зерттеуші Л. Гримес осы екі ұғымның арасындағы байланыс туралы ғұрыптық рәсім ойынға ұқсайды, себебі, екеуінде де ережелер мен кеңістікке қатысты шектеулер бар. Дегенмен «ғұрыптық рәсімдер ойын емес, себебі ойында бәсекелестік, сәйкесінше жеңіске жеткендер мен жеңілгендер болады» деген пікір білдіреді [5, 210 б.]. Бұл пікірден ойындағы рәсімдік (белгілі бір әрекеттердің реттілігі), ал рәсімдегі ойын элементтерін (кейбір әрекеттер жасанды түрде ойнатылады) жоққа шығара алмайтынымызды көреміз. Осы себепті де белгілі бір халықтың тарихымен және мәдениетімен байланысты рәсімдік сипаты бар ұлттық ойындары мен оларға қатысты лингвомәдени тілдік бірліктер жеке зерттеу нысанына алынуы қажет деп санаймыз. Тіл мен жадтың байланысын зерттеген Ю. Лотман қандай да бір тарихи-мәдени жағдай белгілі бір категориямен теңестірілуі үшін алдымен тілде көрініс табады, содан кейін ғана мәдениеттің бір элементі ретінде танылып, ұжымдық жадқа жазылады. Ал бұл ақпарат бір тілден екінші тілге аударма жасаған секілді, ұжымдық жадтан мәдениет тіліне (language of culture) ауысады дейді [6]. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық ойындар мен оған қатысты лингвомәдени бірліктер халықтың тарихи кезеңіндегі дүниетанымы, этномәдени түсінігінен хабар беретін мәдени мәтін бола алады.

Ал осы мәдени мәтін коннективті құрылым ретінде өткен мен бүгінді байланыстырып, тірі жадты қалыптастырып, онда негізгі тәжірибелер мен естеліктерді сақтап отырады. Нәтижесінде осы символдық мәнге ие болған ритуалға (соның ішінде рәсімдік сипаты бар ойындарға – авт.) қатысты тілдік бірліктер уақыт талабына сай жаңа пайда болған құбылыстар мен заттарды атау үшін қолданыла алады. Ағылшын тілді еңбектерде бұл құбылысты *семантикалық ауысу, семантикалық өзгеру, семантикалық деривация (semantic shift, semantic change, semantic derivation)* терминдерінің аясында қарастырады. Дегенмен бұл еңбектерде тек күнделікті қолданыстағы сөздердің мағыналық ауысуы (mouse сөзінің тышқан деген жануардың атауынан ұқсастығының негізінде компьютердің құрылғысының атауы үшін қолданылуы) ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің екінші мағынаға ие болуы, қолданылуы мәселесі назардан тыс қалады.

Ал ғұрыптық рәсімдер мен оларға қатысты тілдік бірліктерді жеке зерттеу нысанына алған О.Быкова ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктерде семантикалық ауысуға ұшырап, екінші мағынаға ие болады деген пікір білдіреді. Нәтижесінде «ғұрыптық рәсімдердің негізінде қалыптасып, екінші мағынаға ие болған тілдік бірліктерді скриптонимдер» деп атайды [7, 210]. Бұған дейін ғылымда *скриптоним* термин ретінде қолданыста болмағанымен, К. Годдард *мәдени скрипт* теориясын зерттеді. К. Годдард түсінігінше, *мәдени скрипт* – белгілі бір мәдениетте қабылданған, адамдарға қалай сөйлеу, әрекет ету керектігін нұсқайтын жасырын мәдени қағидаттар [8]. Ғалымның осы идеясын дамытқан А. Вежбицка бізге жат мәдениетке тән сөйлеу үлгісін түсіну үшін оларды тиісті мәдени контексте «естуге» ұмтылуымыз керек. Яғни олардың негізіндегі мәдени скриптерді түсінуге тырысуымыз қажет, сонда ғана мәдениетаралық коммуникация сәтті орын алады деген пікір білдіреді [8]. Ал неміс ғалымы М.В.Хорохордина «ғұрыптық рәсім адам мен қоғам өмірінің барлық жағын қамтиды, сондықтан ғұрыптық рәсім деп қандай да бір қоғамдағы моральдық қағидалармен, өзін-өзі ұстау ережелерімен, құндылықтармен қабылданған салт-дәстүрлер мен мерекелерді, сонымен қатар басқа да жиі қайталанатын әрекеттерді» деп таниды. Осы тұрғыдан алғанда ғұрыптық рәсімдер мен оларға қатысты тілдік бірліктерді К. Годдарт және А.Вежбицка еңбектеріндегі мәдени скриптердің негізгі көзі ретінде қарастыра аламыз. Себебі ғұрыптық рәсімдер ұйытқы болған скриптонимдерде белгілі бір лингвомәдени қоғамның ойлау, шындықты категориялау, концептуалдау ерекшелігі көрініс табады [9]. М.В.Хорохордина өз көзқарасын келесідей мысалдармен дәйектейді: «auskehren <..> сыпыру. Кейіннен «Kehr aus!» бұйрықты формасы қандай да бір мерекедегі сәнді, етегі ұзын көйлектермен еденді сыпырып кететін «соңғы биді» (die Tänzerinnen des letzten Tanzes gewissermaßen mit ihren (langen) Kleidern den Tanzboden auskehren) атаған. Кейін бұл ұғым қонақтан соңғы болып кететін адамдарға қатысты қолданылған» [9, 84 б.].

Ал қазақ ғалымдарының арасында скриптоним ұғымы термин ретінде қолданылмағанымен, сөздердің екіншілік, жаңа мағынаға ие болу үрдісіне қатысты пікірлер кездеседі. Мәселен, Н. Уәли өзінің сөз мәдениетіне қатысты еңбегінде кейде тарихи-археологиялық деректер үнсіз қалған тұста сөздер сөйлейді деп тұжырымдап, сауын айту рәсімінің (Н.Уәли ритуал деп қолданады) бүгінде хабар айту мағынасына ие болып, қоғамдық термин қызметінде жұмсалғанын айтады [10]. Ғалымның пікірінше, бұндай сөздердің мағынасын түсіну үшін сөз тарихынан құлағдар болуы керек. Г.Смағұлова да өз зерттеулерінде скриптоним терминін қолданбағанымен, ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің екінші мағынаға ие болуы жөнінде пікір білдіреді. Ғалым екінші мағынаның пайда болуын тілдің лингвокреативтілік қызметімен байланыстырады. Тілдік бірлікке (Г.Смағұлова зерттеуінде этнофразеологизм) қосымша мағына үстеліп, жаңа сипат алатынын айтып, тұсау кесер рәсіміне қатысты қалыптасқан «тұсаукесер» тілдік бірлігінің ұқсас ситуация негізінде қайта жаңғырғанын және оның таныстырылым мағынасында жұмсалатынын түсіндіреді [11]. Яғни тарихи-мәдени және әлеуметтік даму барысындағы өзгерістер құндылықтарды басқа қырынан қарастырып, лингвомәдени ремаларды жаңғыртады дейді.

Біз ғалымдардың пікірін қуаттай отырып, ғұрыптық рәсімдердің қатарында халықтың рухани және шығармашылық салаларының барлығын қамтитын ұлттық ойындарды да қарастырамыз. Әр халықтың тарихымен біте қайнасып, ертеден келе жатқан ұлттық ойындар да жоғарыда Ю.Лотман [6] айтқан ұжымдық жадтың бір бөлігі болып, мәдени мәтін ретінде «коннективті құрылым» ретінде өткен мен бүгінді байланыстырушы қызмет атқара алады. Сәйкесінше тілдің дамуы барысында пайда болған жаңа ұғымдар мен түсініктерді атау үшін екіншілік мағынада қолдана алады. Сакралды ойын контексіне енген заттар мен қандай да бір құбылыстар, кейбір вербалды мәтіндер қосымша символдық, аксиологиялық реңк үстейтін екінші мағынаға ие болады.

Н.И. Толстой дәстүрлі ғұрыптық рәсімдерді түрлі кодтық элементтері бар мәдени мәтін деп, онда бірнеше лингвомәдени кодтарды ажыратуға болады деген пікірді алға тартады. «Акционалдық (ғұрып – белгілі бір реттіліктен тұратын рәсімдер жүйесі), нақты немесе заттық (ғұрыптың барысында кейбір тұрмыстық заттармен немесе арнайы дайындалған рәсімдік құралдармен әрекеттер жасалады), вербалды (рәсімдерді орындау кезінде тілектер, баталар, дұғалар айтылады), тұлғалық (ғұрыптық рәсімдерді белгілі бір адамдар тобы орындайды), локативті (іс-әрекеттер ішкі немесе сыртқы кеңістікте іске асырылады), темпоралдық (іс-әрекеттер жылдың, айдың, күннің белгілі бір мерзімінде немесе қандай да бір отбасылық немесе әлеуметтік оқиғадан кейін орындалады), музыкалық (арнайы сүйемелдеуші әуендер болады), бейнелеуіштік (ғұрыптық заттарда, тағамда, киімде арнайы бейнелеуіш таңбалар болады)» [12, 148 б.].

Біз өз жұмысымызда қазақ тілінде ұлттық ойындарға қатысты қалыптасып, екіншілік мағынада қолданылған тілдік бірліктерге талдау жүргіздік. Соның ішінде Н.И. Толстой классификациясындағы акционалды, заттық, вербалды және темпоралды кодты тілдік бірліктердің (біздің зерттеуімізде – скриптонимдердің) жиі кездесетінін анықтадық.

Нәтижелер

1) Акционалды кодты скриптонимдер. Акционалды код ұғымы әртүрлі физикалық әрекеттердің атауына негізделген тілдік бірліктердің жүйесі. Адамның маңызды әрекеттерінің атауы акционалды кодтың өзегін құрайды. «Акционалды код жеке немесе фразеологизмдердің құрамында кездесетін адамның іс-әрекетін, мінез құлқын, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын сипаттау үшін қолданылатын етістіктер мен етістікті компоненттер» [13, 177 б.]. Сонымен қатар, бұл етістіктер көбінесе ауыспалы мағынада жұмсалады. Сондықтан рәсімдік сипаты бар, ұлттық ойын атауларына негізделіп, белгілі бір әрекетті бейнелейтін әрі екінші мағынаға ие болған тілдік бірліктерді акционалды кодты скриптонимдер деп қарастырамыз.

«*Көкпар тартқандай*». Көкпар – «ұлттық ойындардың бірі. Әуелгі аты «көк бөрі» сөзінен шыққан. Мал баққан көшпелі халықтар үшін өте қауіпті аң – қасқыр (бөрі). Оны соғыш алған жұрт қуанып, өлігін ат үстінде сүйрелеген, бір-бірінен алып қашып, тартып тамашалаған. Кейін бұл дәстүрлі ойынға айналған. Бірақ салтанатты жиындарда қасқыр табыла бермегендіктен, көкпарда қой, ешкі, кейде бұзау да тартатын болған» [14, 231]. Осы ойын барысындағы қасқырды, кейіннен ешкі, серкені тарту іс-әрекеті ойын атауына символдық мән үстеп, екінші мәнді «*талас тартыс*» акционалды кодты скриптонимнің жасалуына ұйытқы болып отыр. Мыс.: 1) Мұнда құда тартар кәдесін сұрай келген әйелдер бастаған топ құдаларға лап қояды да, оларды *көкпар тартқандай* тарта жөнеледі [Құда тартар салты. <https://toibastar.kz/salt/otau/490-da-tartar-salt.html> / 21.01.2025]. Жүкең екеуміз *көкпар тартқандай* таласып отырған секілдіміз [«Алтай асып, Алатауда түлеген» ұл. https://adebiportal.kz/kz/news/view/altai-asy-p-alatauda-tulegen-ul__15278 / 21.01.2025]. Байқағанымыздай, «көкпар тарту» тіркесі тілдік санада ойын туралы фрейм қалыптастырып, екіншілік мағынаға ие «*көкпар тартқандай*» деген тұрақты теңеудің жасалуына ықпал еткен. 2) *Көкпар етіп тартқанда* тағдыр мені, Қайда жүрді қазақтың сан қырлы еді?! [Ниязбек Р. Шығармалары: Өлеңдер / Рафаэль Ниязбек. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. 185 б (85 б)]. Бұл мысалдан «*көкпар тарту*» тіркесінің «*сынақ*» мәніндегі скриптонимнің қалыптасуына негіз болғанын көреміз.

«*Білім бәйгесі*», «*Бәйгеге түскендей*». Бәйге – «ұлттық спорт ойыны, қазақ халқының ат жарысы» [14, 90 б.]. Бәйге ойынындағы аттардың біреуінің оза шауып, басқаларының қалып қою көрінісі тілдік санада

«бәйге» – «жарыс» образын қалыптастырып, символдық екіншілік мәнге ие болып тұр. Мыс.: Бұған дейін *бәйгеге түскендей* бағаны бірінен соң бірі қымбаттатқан бекеттер енді біртіндеп оны төмендетіп жатыр [Қазақстанда Аи-92 маркалы жағармай бағасы арзандады. <https://stan.kz/kazakstanda-ai-92-markaly-zhagarmay-baga/> 21.01.2025]. «Balapan» телеарнасы балалар жылы көрерменнің зейінін ашуға бағытталған «*Білім бәйгесі*» зияткерлік телесайысын ұсынады [Білім бәйгесі. <https://balapan.tv/projects/bilim-baigesi/> 21.01.2025]. Бірінші мысалда «*бәйгеге түскендей*» скриптонимі бірінен бірі қалыспау, кезектесу екіншілік мағынасын білдірсе, екінші мысалда «сайыс» мәнінің қалыптасуына түрткі болып тұр.

«*Соқыртеке ойнағандай*». Соқыртеке – ортаға шығып, көзі орамалмен таңылған адам басқаларды қолмен қармалап ұстауға тырысатын ұлттық ойын түрі. «Соқыртеке» ойыны аумағы шектеулі кеңістікте өтеді. Ғұрыптық рәсім құрамындағы «соқыртеке» сөзі көзі жұмылған адам (тұлғалық код) денотаттық мағынасын білдіреді. Ал осы ойын негізінде қалыптасып, екіншілік мағынаға ие болған тілдік бірліктің мағынасы басқа. Мыс.: 1) Қараңғы түссе көше бойында *соқыртеке ойнағандай* күй кешеміз дейді ашынған тұрғындар [«Жас Қанат» ықшам ауданының тұрғындары жолды өздері жөндеуге мәжбүр. <https://astanatv.kz/kz/news/50601/> 21.01.2025]. 2) Өзі де *соқыртеке ойнағандай* қос қолын көкке жайып, ауа қармап қалған азаматтарыңызды олай мойытып, олай қажытпаңыз [Жүнісов С. Шығармалары. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. Т. 4: Повестер. – 320 б. (68 б)]. Іле ақылдасып алғандай, бұл жылағанын, анау күлгенін қоя қойып, қараңғыда соқыртеке ойнағандай іштей арбасып, тағы біраз уақытты өткізді. [Қорғасбек Ж. Үлпілдек: (роман-тәмсіл). – Алматы: «Жазушы», 2012.– 232 б. – «Жаңа заман әдебиеті. Проза» сериясы (114 б)]. Бұл мысалдарда *соқыртеке ойнағандай* акционалды кодты скриптонимдері «қараңғы кеңістіктегі қозғалыс», екіншіден, ойға алған істің нәтижесіз болуы, бекерге кетуі, үшіншіден, ымдау, тұспалдау екіншілік мағынасына ие болып, акционалды кодты скриптонимнің қалыптасуына негіз болып тұр.

2) Заттық кодты скриптонимдер. Кез келген мәдениетте жеке қасиеттері мен сипаттарының негізінде символдық мағына берілген заттар болады. Ол заттар коммуникативтік жағдайларда ғұрыптық рәсім, салт-дәстүрлерді орындау барысында өзінің семантикасына жүктелген ақпараттардың жиыны ретінде көрініп, ассоциативті-символдық мағынада жұмсалады [12]. Мәселен, қазақ халқының танымында асық – жолы болғыштық немесе сәттіліктің символы ретінде қарастырылады. Бұл символдық мағына ұлттық ойыннан бастау алады.

«*Асығы алышынан түсті*». Асық ойыны – балалардың ежелгі спорт ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді сақамен кезектесіп ату арқылы мергендік сынасады [14,

49 б.]. Асық атқанда алшы, тәйке, бүк, шік түсуі мүмкін. Иіріп атқанда асықтың тегіс табанымен түсуін алшы дейді. Ойынды кімнің бастайтынын анықтау үшін балалар «алшы ойынын» ойнаған. Қолдарындағы асықты иіріп, кімнің асығы алшы түссе, сол ойынды бастайтын болған. Бұл асық иесінің жолы болып, жеңіске бір табан жақындағанын білдіреді. Бұндағы «асықтың алшы түсуі» тіркесі заттық символдық мәнге ие болып, сәттілік, жолы болу екіншілік мағынасына ие болған. Мыс.: Амал не, өнерді емес, ақшаны алдыңғы орынға шығарған сөйтіп, өнерді ақша мен атақтың жолында құрбандыққа шалғандардың *асығы алышысынан түсіп* тұр [Қазақ әнші қанша тұрады? <https://abai.kz/post/5378/> / 21.01.2025].

Жоғарыда айтылғандай ғұрыптық рәсімдердің құрамында бірнеше сөз архетиптік деңгейге дейін көтеріліп, дүниенің жаратылысы туралы абстрактілі ұғымдармен толыға түседі. Бұндай сөздердің мағынасы сақралдану нәтижесінде символдық компонентпен толығады.

Көкпарда тулақ тартқандай. Көріп отырғанымыздай көкпар ойынының барысы бірнеше скриптонимдік мағынаның қалыптасуына арқау болған. Біріншісі «көкпар тарту» «талас» акционалды мағынасы, екіншісі «көкпарда тулақ тартқандай» бірнәрсені жұлқылау, мылжалалау» мағынасы. «Тулақ» символдық заттық компоненті «тартқандай» теңеу мәнді акционалды әрекетінің әсерімен актуалданып тұр. Мыс.: Бүгінде осы халық әнін орындаушылар оны *көкпарда тулақ тартқандай* етіп сүйрелеп, әбден сілекпесін шығарып, жан-жаққа тартқыштап бітті [«Жылой» әнінің сөзін бұрмалау – қиянат. https://ken-zhyloi.kz/zhanalyqtar/m-deniet/zhyloj-nini-s-zin-b-rmalau-iyanat.html / 21.01.2025].

Бас бәйге – ат жарысында оза шауып келген шабандоздарға берілетін сыйлық. «Бәйгеге түскендей» тіркесінде сайыс, жарысу оза шабу мағыналарын білдірсе, «бас бәйге» тіркесінде материалдық немесе қаржылай марапат заттық символдық мағынасына ие болып, екінші мәнді скриптонимнің жасалуына негіз болып тұр. Бүгінде «бас бәйге», «бәйге» сөздері тек ат жарысындағы жүлдеге ғана емес, барлық сайыстарда қол жеткізген марапаттарға қатысты қолданылады. Мыс.: Реформа жасаудан дүние жүзінде жарыс өтсе, құдай ақы Қазақстан бас бәйгені алатын шығар [Кез келген реформа төменнен басталуға тиісті <https://alataugazeti.kz/archives/category/%D1%81%D0%B0%D1%8F%D1%81%D0%B0%D1%82/page/3/> / 21.01.2025].

3) Вербалды кодты скриптонимдер. Ғұрыптық рәсімдерді орындау барысында атқарылатын іс-әрекеттермен қатар, сөздік формулалар қолданылады. Адамдар ерте замандардан бері сөздің киесіне сенгендіктен, атқарылатын рәсімнің әрбір кезеңінде жекелеген сөздер мен сөйлемдерді қолданған. Н.И. Толстой мұндай сөздік элементтерді вербалды кодтар деп атаған [12]. Біз зерттеуімізде ұлттық ойын рәсінде іс-әрекеттермен бірге қолданылып, бүгінде екіншілік мәнде жұмсалатын тілдік формулаларды

(сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдерді) вербалды кодты скриптонимдер деп қарастырамыз.

Ханталапай – асықтарды шашып жіберіп, талапайға салу ойыны. Бұл ойынның түп тамыры ертедегі «ханталау» рәсімімен тығыз байланысты. Ойын жүргізушісі «ханталапай» деп дауыстап, асықтарды шашып жіберген соң, ойын қатысушылары көбірек асық, соның ішінде қызыл сақа асықты алуға асыққан. Ж.М. Юша тывалықтардың ғұрыптық рәсімдеріне қатысты зерттеуінде вербалды мәтіндер рәсімдердің белгілі бір кезеңдеріне қатысты болып, сакралдық, функционалдық мағына береді дейді [15, 75 б.]. Бұл пікірге сүйенсек, ханталапай ойынында ойын жүргізушісінің «ханталапай» деп дауыстауы ойынның басталғанын білдіріп, вербалды кодты іске қосады, ал ойыншылардың асыққа таласуы акционалды кодты іске қосады. Нәтижесінде вербалды-акционалды кодты «ханталапай» сөзі «таласу, бөлісу» екіншілік мағынасына ие болған. Мыс.: Кейде қуаныш елітіп, кейде күдік қобалжытып, анталаған ой қызды бейне *ханталапайға салып*, паршалап кеткелі жатқандай [Нұржекеев, Б. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1985. – 642 б. (154 б)]. Машина-трактор паркінің тоз-тозы шыққан. Жекешелендіру науқанында *ханталапайға түсіп*, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен [Тау етегіндегі ауыл. <https://egemen.kz/article/15986-tau-etegindegi-auyl> egemen.kz / 21.01.2025].

Ұшты-ұшты – балалар ойыны. Балалар алқа-қотан отырады. Ойын бастаушысы «Ұшты-ұшты қарға ұшты, ұшты-ұшты арба ұшты» деп ұшатын, ұшпайтын заттардың атын атайды. Кім жаңылса, сол «айып» тартады. Ойын барысында «ұшты-ұшты» сөзі ойыншылардың тапқырлығын анықтау үшін қолданылса, қазірде бұқаралық ақпарат құралдарында «ұшты-ұшты» вербалды кодты тіл бірлігі жағымсыз екіншілік мағынада жұмсалады. Мыс.: 1) *Ұшты-ұшты* шатыр ұшты... Облыстағы былтыр ғана күрделі жөндеуден өткен ғимараттардың бірде-бірінің шатыры дауыл екпініне шыдай алмады [*Ұшты-ұшты* шатыр ұшты... <https://egemen.kz/article/33237-ushty-ushty-shatyr-ushty> / 21.01.2025]. 2) *Ұшты-ұшты* баға ұшты... «Әйр Астана» әуе компаниясының жол жүру құны бір жылда орта есеппен елу пайызға қымбаттаған [*Ұшты-ұшты* баға ұшты... <https://astanatv.kz/kz/news/8452> / 21.01.2025]. Бірінші мысалда *ұшты-ұшты* тіркесі шатырдың сапасыз бекітілгенін, соның себебінен ұшқанын білдірсе, екінші мысалда бағаның бірден көтерілгенін меңзей отырып, экспресивті мәнде қолданған.

4) Темпоралды кодты скриптонимдер. Кез келген халықтың дүниетанымына байланысты қалыптасқан уақыт өлшемін білдіретін концептуалды үлгісі болады. Бұл үлгілер базалық когнитивті құрылым ретінде тілде көрініс табады [12]. Яғни, уақытқа қатысты ұғымдар фразеологиялық бірліктерде, метафоралық қолданыстарда және басқа да этнотілдік таңбаларда көрініс табады. Сол сияқты әрбір ғұрыптық рәсімнің

атқарылатын уақыты, кезеңі болады. Осындай ғұрыптық рәсімнің орындалу мерзімін сипаттайтын, екіншілік мәнді тілдік бірліктерді темпоралды кодты скриптонимдер дейміз.

«Бастаңғы», «Бастаңғышыл». Бастаңғы – үлкендер жолаушылап кеткенде жас-желендердің бас қосып, тамақ әзірлеп, ойын-сауық құруы. Бұл ойын-сауық үлкендер жол жүріп кеткен кезде өткізіліп, өзіндік уақыты белгіленгендіктен темпоралды кодты (белгілі бір уақытта) рәсімдердің қатарына жатады. Мыс.:1) Әйел мен еркектің бастаңғысын бір күн туырлық жасырады, бір күн үзік жасырады. Үшінші күні, бәрібір, жария болады дейді қазақ [Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді: повесть. – Алматы : Жазушы, 1967. – 142 б. (24 б)]. 2) «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастаңғышыл болатынынан» сақтанады [Қыз өсір, «қырық үйден тиымды біл». <https://abai.kz/post/16768> / 21.01.2025]. Алғашқыда бастаңғы сөзі жастардың оңаша қалғанда өткізетін басқосуының атауы ретінде қолданылса, бертін келе мағынасы кеңейіп, «жасырын кездесу», «себепсіз жиын» немесе «сауықшыл адам» деген екіншілік мағынаға ие болған.

Дегенмен, рәсімдік сипаты бар ұлттық ойындарға қатысты екінші мәнді скриптонимдер өзінің бастапқы прототиптік мағынасынан алыс кетпейді. Зерттеушілер ғұрыптық рәсімнің құрамындағы сакралды тілдік бірліктер өзінің «табиғи» прототипімен салыстырғанда мағынасы әлдеқайда кең немесе мүлдем өзгерген болуы мүмкін. Кейбір жағдайда «екіншілік, символдық мағынаның заттар мен іс-әрекеттердің табиғи, алғашқы қасиеттерінен алыстамайды» [12, 148 б.] дейді. Мәселен, осы мақалада талданған көкпар тарту ойынында ойыншылар серкені өзара тартысқа салса, ойын негізінде қалыптасқан скриптоним де «талас-тартыс» мағынасын білдіреді. Салыстыру үшін өзінің алғашқы мағынасынан алыстаған бір тіркесті қарастырып көрейік. Қазақ халқында жаңа туған нәрестені бастапқы уақытта түрлі сыртқы күштерден қорғау керек деген наным-сенім болған. Сол себепті жастарды «шілде күзетке» қойған. Бертін келе «шілде күзеткендер» тіркесі «сауықшылдар», «көңіл көтерушілер» деген екіншілік мағынаға ие болған: *Шілдехана күзеткендер* оған тағы да ән айттыра алмай қойды [Мұбарак Қ. Жат құшақ: әңгімелер жинағы. Мұбарак Қ. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2012, 272 б. (17 б)]. Бұл мысалда шілдехана күзеткендер деп бала күзетуге қатысы жоқ, сауықшыл жастарды меңзеп тұр. Яғни бастапқы мағынасынан алшақтап, жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болып тұр.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ғұрыптық рәсімдер мен ұлттық ойындар өзіндік символикасы, жасырын мағынасы бар өзін-өзі ұстау актілері ғана емес, гносеологиялық, онтологиялық, аксиологиялық, элеуметтік феномендер. Әрбір халықтың рәсімдерінде, ойындарында, белгілі бір лингвомдени топтың этнотілдік санасындағы әлем бейнесін құраушы элементтер бар.

Біз өз зерттеуімізде қазақтың ұлттық ойындарына қатысты осындай екінші мағынаға ие болған сөздерді тілдің коннотаттық қорын толтырудың өнімді жолы ретінде қарастырдық. Қазақ халқының ертеден келе жатқан ойындарына қатысты мәтіндердің екіншілік мағынаға ие болып, актуалдану, сакралдық мәнге ие болу процесін талдап, сипаттадық.

Ойындарды түрлі кодтық элементтері бар мәдени мәтін деп қарастырып, ондағы сакралды тілдік бірліктердің акционалды, заттық, вербалды, темпоралдық кодты скриптонимдерге ұйытқы болатынын анықтадық: а) акционалды кодты скриптонимдер: *«көкпар тартқандай»* (талас-тартыс), *бәйгеге түскендей* (жарысу), *соқыртеке ойнағандай* (ымдау, түспалдау); ә) заттық кодты скриптонимдер: *асығы ашысынан түсті* (сәттілік), *көкпарда тулақ тартқандай* (жұлқылау, мылжаллау), *бас бәйге* (материалдық немесе қаржылай сыйлық); б) вербалды кодты скриптонимдер: *ханталапай* (таласу, бөлісу), *ұшты-ұшты* (бірден көтерілу) в) темпоралды кодты скриптонимдер: *бастаңғы* (себепсіз сауық) *бастаңғышыл* (сауықшыл).

Сонымен қатар бір ойынның құрамындағы бірнеше тілдік бірліктің символдық-сакралдық мағынаға ие болатыны анықталды. Мысалы: *«көкпар тартқандай»*, *«көкпар етіп тартқанда тағыдар мені»* дегенде «талас», «сынақ» деген акционалды кодты мағына болса, *«көкпарда тулақ тартқандай»* дегенде «тулақ» символдық заттық компоненті «тартқандай» теңеу мәнді акционалды әрекетінің әсерімен актуалданып, бірнәрсені *«жұлқылау, мылжаллау»* мағынасын беріп тұр. Зерттеу барысында ұлттық ойындарға қатысты екінші мағынаға ие болған скриптонимді тілдік бірліктердің ғұрыптық рәсімдерге қатысты мәтіндермен салыстырғанда өзінің «алғашқы, табиғи» прототипінен алыс кетпейтіні анықталды.

Біз өз зерттеуімізде бірнеше ұлттық ойын атауына ғана қатысты қалыптасқан екінші мәнді скриптонимдерді талдадық. Тілімізде халқымыздың өткен рухани және мәдени өмірінен, дүниетанымынан хабар беретін тілдік бірліктер өте көп. Оларды тауып, талдау және зерттеу болашақ зерттеулердің еншісінде.

Осындай лингвомәдени кодтарды зерттеу ұлттық мәдениетімізге, рухани құндылықтарымызға қайта оралып, ата-бабаларымыздан қалған мәдени мұраларымыз бен бүгінгі ХХІ ғасырдағы ұрпақтар арасындағы үзіліп бара жатқан байланысты қалпына келтіріп, нығайтуға мүмкіндік береді. Егер біз осындай сакралды-мәдени кодтарымызды талдап, анықтап берсек болашақ ұрпақ сол кодтарды жіктеу (әркім өз түсінігіне сай) арқылы, ұлттық жадымызды қайта жаңғырта алар еді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Matyzhanov K. Ойын мен рәсім (ритуал)-адамзат қоғамының аса маңызды әлеуметтік қарым-қатынас құралы // Keruen. – 2021. – Т. 72. – №. 3. – В. 18-29.

- [2] Байбурин А.К. Ритуал в традиционной культуре. СПб.: Наука, 1993. 243 с
- [3] Емельянов Ф. Г. Игра и ритуал как способы взаимодействия человека с реальностью: общее и особенное //Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Философские науки. – 2015. – №. 3. – С. 47-55.
- [4] Фомченко Е. В. Перформативные формы адаптации традиционного фольклора в современной среде //Вестник культуры и искусств. – 2021. – №. 1 (65). – С. 136-143.
- [5] Grimes R. L. The craft of ritual studies. – OUP USA, 2014. – 414 p.
- [6] Lotman Y. M., Uspensky B. A., Mihaychuk G. On the semiotic mechanism of culture //New literary history. – 1978. – С. 211-232.
- [7] Быкова О. И. Этноконнотация как вид культурной коннотации: на материале номинативных единиц немецкого языка / Воронеж: Воронежский государственный университет, 2005. – 277 с.
- [8] Goddard C., Wierzbicka A. (ed.). Semantic and lexical universals: Theory and empirical findings. – 1994. – 510 p.
- [9] Хорохордина, М. В & Быкова, О. И. (2015). Вторичные скриптонимы как отражение национального сознания в сфере ритуализованной деятельности немецкоязычного культурного пространства // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2015. – № 2. –С. 56-61.
- [10] Уэли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.
- [11] Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы: Арыс, 2010. – Т. 280.
- [12] Толстые Н. И. и С. М. Славянская этнолингвистика: вопросы теории // Материалы ко Второму Всероссийскому совещанию славистов 5–6 ноября 2013 г. — М.: Институт славяноведения РАН, 2013. — 240 с.
- [13] Чуньхун Б. Акциональный код культуры и средства его репрезентации в русском языке //Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2019. – №. 10 (143). – С. 175-179.
- [14] Ақбай Н. Қазақтың дәстүрлі атаулары: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Арда+7», 2013. – 496 б + 32 бет жапсырма.
- [15] Юша Ж. М. Вербальные константы в обрядах тувинцев России, Китая и Монголии //Сибирский филологический журнал. – 2015. – №. 3. – С. 75-80.

REFERENCES

- [1] Matyzhanov K. Oıyn men räsım (ritual)-adamzat qoғamynyñ asa mañyzdy äleumettik qarym-qatynas qūraly [Game and ritual (ritual)-the most important means of social communication of human society] //Keruen. – 2021. – Т. 72. – №. 3. – В. 18-29. [in Kaz].

[2] Bajburin A.K. Ritual v tradicionnoj kul'ture [Ritual in traditional culture]. SPb.: Nauka, 1993. 243 s. [in Rus].

[3] Emel'janov F. G. Igra i ritual kak sposoby vzaimodejstvija cheloveka s real'nost'ju: obshhee i osobennoe [Game and ritual as ways of human interaction with reality: general and special] //Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Serija: Filosofskie nauki [Bulletin of the Moscow State Regional University. Series: Philosophical Sciences]. – 2015. – №. 3. – S. 47-55. [in Rus].

[4] Fomchenko E. V. Performativnye formy adaptacii tradicionnogo fol'klora v sovremennoj srede [Performative forms of adaptation of traditional folklore in the modern environment] //Vestnik kul'tury i iskusstv [Bulletin of Culture and Arts]. – 2021. – №. 1 (65). – S. 136-143. [in Rus].

[5] Grimes R. L. The craft of ritual studies. – OUP USA, 2014. – 414 p.

[6] Lotman Y. M., Uspensky B. A., Mihaychuk G. On the semiotic mechanism of culture //New literary history. – 1978. – C. 211-232.

[7] Bykova O. I. Jetnokonnnotacija kak vid kul'turnoj konnotacii: na materiale nominativnyh edinic nemeckogo jazyka [Ethnoconnotation as a type of cultural connotation: on the material of nominative units of the German language] / Voronezh: Voronezhskij gosudarstvennyj universitet [Voronezh: Voronezh State University], 2005. – 277 s. [in Rus].

[8] Goddard C., Wierzbicka A. (ed.). Semantic and lexical universals: Theory and empirical findings. – 1994. – 510 p.

[9] Horohordina, M. V & Bykova, O. I. Vtorichnye skriptonimy kak otrazhenie nacional'nogo soznaniya v sfere ritualizovannoj dejatel'nosti nemeckojazychnogo kul'turnogo prostranstva [Secondary Scriptonyms as a reflection of National Consciousness in the Sphere of Ritualized activity of the German-speaking cultural space] // Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Lingvistika i mezhkul'turnaja kommunikacija. – 2015. – № 2. – S. 56-61. [in Rus].

[10] Uäli N. Söz mädenietü [Culture of the word]. – Almaty: Mektep, 1984. – 75 b. [in Kaz].

[11] Smağūlova G. Qazaq frazeologiasy lingvistikalyq paradigmalarda [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]. – Almaty: Arys, 2010. – T. 280 [in Kaz].

[12] Tolstye N. I. i S. M. Slavjanskaja jetnolingvistika: voprosy teorii [Slavic ethnolinguistics: questions of theory] // Materialy ko Vtoromu Vserossijskomu soveshhaniju slavistov 5–6 nojabrja 2013 g. — M.: Institut slavjanovedenija RAN [Institute of Slavic Studies of the Russian Academy of Sciences], 2013. — 240 s. [in Rus].

[13] Chun'hun B. Akcional'nyj kod kul'tury i sredstva ego reprezentacii v russkom jazyke [The action code of culture and the means of its representation in the Russian language] //Izvestija Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogičeskogo universiteta. – 2019. – №. 10 (143). – S. 175-179 [in Rus].

[14] Aqbai N. Qazaqtyñ dstürlı ataulary: Ensikopedialyq sözdık [Traditional Kazakh names: encyclopedic dictionary]. – Almaty: «Arda+7», 2013. – 496 b + 32 bet japsyrma. [in Kaz].

[15] Jusha Zh. M. Verbal'nye konstanty v obrjadah tuvincev Rossii, Kitaja i Mongolii [Verbal constants in the rituals of the Tuvans of Russia, China and Mongolia] // Sibirskij filologičeskij zhurnal [Siberian Philological Journal]. – 2015. – №. 3. – S. 75-80. [in Rus].

ЛИНГВО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СКРИПТОНИМОВ (НА ОСНОВЕ НАЗВАНИЙ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР)

*Акегожаева Р.¹, Мурзинова А.²

*^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье обсуждаются лингвосемантические особенности скриптонимов со вторичным значением, сформированных из сакральных языковых единиц, связанных с национальными играми. Выявлены взаимосвязи, сходства и различия между играми и ритуальными обрядами как социально значимыми явлениями. Учитывая мнения ученых-лингвистов и этнографов, национальные игры рассмотрены на одном уровне с ритуальными обрядами.

Национальные игры и ритуальные обряды, а также их взаимосвязь продолжают всесторонне изучаться этнографами, культурологами и лингвистами. Однако источник национальной идентичности, духовно-культурной самобытности и ценностей — языковые единицы со вторичным значением, так называемые «скриптонимы», — остается вне поля зрения исследователей.

В этой связи национальные игры рассматриваются как свидетельство многовекового опыта народа, хранилище и носитель ключевых ценностей, а также как культурный текст с кодовыми элементами. Установлено, что национальные игры служат основой для формирования сакрально-символических кодовых единиц в языке, включая акциональные, предметные, вербальные и темпоральные скриптонимы. В ходе исследования также выявлено, что скриптонимы со вторичным значением, сформированные на основе национальных игр, сохраняют семантическую связь со своим «природным» прототипом. В статье языковые выражения, связанные с национальными играми, анализируются с использованием описательного и этимологического подходов, а также методов концептуального и лингвокультурного осмысления. Представленные теоретические выводы подкреплены примерами из трудов, посвященных казахским традициям, традиционным названиям, художественной литературе и материалам средств массовой информации.

Ключевые слова: национальные игры, скриптонимы, ритуальные обряды, сакрализация, вторичное значение, акционный код, культура, семантика

LINGUISTIC AND SEMANTIC FEATURES OF SCRIPTONYMS (BASED ON THE NAMES OF NATIONAL GAMES)

*Akegozhayeva R. ¹, Murzinova A. ²

*^{1, 2}Kazakh National Women's Teacher Training University
Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article discusses the linguistic and semantic features of scriptonyms with secondary meanings, formed from sacred linguistic units associated with national games. The interconnections, similarities, and differences between games and ritual ceremonies as socially significant phenomena are identified. Considering the opinions of linguists and ethnographers, national games are analyzed on par with ritual ceremonies.

National games and ritual ceremonies, as well as their interrelationship, continue to be comprehensively studied by ethnographers, cultural researchers, and linguists. However, the source of national identity, spiritual and cultural uniqueness, and values—linguistic units with secondary meanings, known as «scriptonyms» remains outside the focus of researchers.

In this regard, national games are considered as evidence of a people's centuries-old experience, a repository and carrier of key values, and as a cultural text with coded elements. It has been established that national games serve as a foundation for the formation of sacred-symbolic coded units in the language, including actional, object-related, verbal, and temporal scriptonyms. The study also revealed that scriptonyms with secondary meanings, formed on the basis of national games, retain a semantic connection with their “natural” prototypes. In the article, linguistic expressions related to national games are analyzed using descriptive and etymological approaches, as well as methods of conceptual and linguistic-cultural interpretation. The proposed theoretical conclusions are supported by examples from works on Kazakh traditions, traditional names, literary works, and media materials.

Keywords: national games, scriptonyms, ritual ceremonies, sacralization, secondary meaning, actional code, culture, semantics

Мақала түсті: 09 қазан 2023

Авторлар туралы мәлімет:

Акегожаева Рая Нурданқызы – «Филология» мамандығы бойынша докторант Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Филология институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: raya.nurdan91@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-6435-7128>

Мурзинова Айгуль Сериковна – PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Алматы, Қазақстан e-mail: murzinova.aigul@qyzpu.edu.kz <https://orcid.org/0000-0003-2208-3049>

Информация об авторах:

Акегожаева Рая Нурданқызы – докторант по специальности «Филология» Казахский национальный женский педагогический университет, Институт филологии Алматы, Казахстан, e-mail: raya.nurdan91@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-6435-7128>

Мурзинова Айгуль Сериковна – PhD, и.о. ассоциированный профессор Казахский национальный женский педагогический университет Алматы, Казахстан e-mail: murzinova.aigul@qyzpu.edu.k, <https://orcid.org/0000-0003-2208-3049>

Information about the authors:

Akegozhayeva Raya Nurdankyzy – doctoral student in the specialty «Philology» Kazakh National Women’s Teacher Training University, Institute of Philology Almaty, Kazakhstan, e-mail: raya.nurdan91@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-6435-7128>

Murzinova Aigul Serikovna – PhD, acting Associate Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University Almaty, Kazakhstan e-mail: murzinova.aigul@qyzpu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-2208-3049>